«Акмола облысы Білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі Степняк қаласының Абай атындағы № 2 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждение «Общеобразовательная школа №2 имени Абая города Степняк отдела образования по району Биржан сал управления образования Акмолинской области»


**Бұйрық** **Приказ**

31.08. 2022 № 02-16/11:54

Степняк қаласы г.Степняк

**Мектепке дейінгі және жалпы білім беретін ұйымдарда жекелеген азық-түлік түрлерін пайдалануға тыйым салу туралы**

ҚР «Тұрғындардың санитарлық-эпидемиологиялық жағдайын жақсарту туралы» 1. "Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17948 болып тіркелген,"Әділет" Қазақстан Республикасы ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2018 жылғы 25 желтоқсанда жарияланған) мынадай өзгеріс енгізіліп, санитарлық-эпидемиологиялық іс-шараларды дамыту мен жүзеге асыру және жалпы білім беретін ұйымдарда балалардың денсаулығына жекелеген азық-түліктердің нұқсан келтіруін төмендету мақсатында **Бұйырамын:**

1. Мектепке дейінгі және жалпы білім беретін ұйымдарының асхансында қуырылған, химиялық қоспалары бар, гениомодифицирленген қосымшалары бар азық-түлік түрлерін және газдалған, алкогольсіз, энергетикалық сусындарды пайдалануға тыйым салынсын.
2. Аталған азық-түлік түрлерін мектеп асханасының ас мәзірінен алып тастасын.

3. Мектеп медбикесі Бермағамбетова Макпал Назымбековна мектепте, мектеп асханасында санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуын, тағамдардың дәрумендендірілуін, сапалы сумен қамтамасыз етуі жүктелсін.
4. Ас мәзірінде бала денсаулығына зиянды қуырылған, химиялық қоспалары бар, гениомодифицирленген қосымшалары бар азық-түлік түрлерін және газдалған, алкогольсіз, энергетикалық сусындардың болмауына мектеп асханасының жалгері И.А.Акимбаева тікелей жауапты болып есептелсін.
5. Аталған бұйрықтың орындалуын бақылау тәрбие ісінің меңгерушілері Ж.С.Мусипова мен Г.Шариповаға жүктелсін.

**Мектеп директоры: Р.Г.Абуов.**